

Қорытындылай келе, Қазығұрт өңірінің жер-су атауларын зерттеу аймақтың табиғатын, тарихи-этнографиялық жағдайын және халықтың рухани мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, табиғи, тарихи, мифологиялық, шаруашылық және тілдік факторлар топонимдердің қалыптасуында біртұтас жүйе құрайды. Бұл аймақтың топонимиялық картасын жасау, жер-су атауларын ғылыми сипаттау және олардың тарихи, мәдени мәнін сақтау болашақ зерттеулер үшін маңызды негіз бола алады.

Осылайша, Қазығұрт өңірінің топонимиялық жүйесі - табиғат, тарих, мифология, тіл және әлеуметтік-экономикалық өмір салтының үйлесімі, халықтың рухани және материалдық мәдениетінің көрінісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазығұрт. Энциклопедия. - Алматы: Тоғанай Т, 2002. - 22 б.
2. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - Алматы, 1985. - 256 б.
3. Конкашпаев Г. К. Казахские народные географические термины. - Алма-Ата, 1949. - 19 с.
4. Географический энциклопедический словарь. - М.: Советская энциклопедия, 1988. - 329 с.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. IX. - Алматы: Ғылым, 1974-1986.

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК ФЕНОМЕНІ: ЖЕТІ АТА МЕН ЖЕТІ ҒАСЫР ТАРИХЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ

Ролланқызы Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Исаева А.И.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Электрондық адресі: rollankyzynursaya@gmail.com

Алматы қ.

Қазақ халқының рухани әлеміндегі ең маңызды мәдени тіректердің бірі - тектілік, шежіре және ата-тегін білу дәстүрі. Бұл ұғымдар қоғамның тұтастығын, тарихи сабақтастығын және ұлттық бірегейлігін сақтайтын әлеуметтік-рухани формула ретінде қалыптасқан. Қазақ даналығы бұл құндылықтарды «Жеті атасын білмеген - ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» деген хәкімдік тұжырымға сыйғызған. Бұл мақал жеке тұлғаның өз тамырын тануы (ұл жетесіз) мен тұтас халықтың тарихи жадын сақтауын (ел жетесіз) біріктіре отырып, ұлттың мәдени иммунитетін қалыптастырған.

Мақаланың негізгі идеясын тереңдету үшін, қазақ мәдениетін зерттеген ірі ғалымдардың пікіріне жүгіну маңызды. Мысалы, академик В.В. Радлов түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін, сондай-ақ тілдік мұрасын зерттеуде айрықша еңбек сіңіріп, қазақ халқының мәдени мұрасына ерекше мән берген. Ол қазақ халқының ғасырлар бойы түркі әлемінің мәдениетін, салт-дәстүрлерін және тіл тазалығын сақтап келе жатқан бірегей халық екенін атап өткен. Радлов көшпенділердің өмір салтымен тығыз байланысты қазақ тілінің мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерін, жыр-дастандарын ғылыми тұрғыда зерттеп, терең талдау жүргізген [1, 220 б]. Бұл пікір қазақ халқының рухани кодының сақталуындағы шежіре мен мақал-мәтелдердің тарихи маңызын дәлелдейді. Оның қызметі ру аттарын жаттаудан әлдеқайда ауқымды: ол ата қоныс, рулардың таралуы, батырлар мен билердің еңбегі, ел қорғау тарихы сияқты ақпараттарды сақтап, ұрпаққа жеткізген. Осылайша, шежіре қазақтың ауызша және жазба тарихының арасын жалғаған көпір қызметін атқарды.

Шежіренің тарихи маңыздылығын ғылыми деректер айқындайды. Зерттеушілердің айтуынша, жалпы алғанда қазақ шежірелері VII ғасырдан бастап, XX ғасырға дейінгі мезгілді қамтиды. Бұл шежірелерде белгілі жүз, тайпа, бұдан тараған аталар таратылып айтумен қатар, осы аталардың заманындағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, ірі тарихи оқиғалар, сол замандағы тарихи адамдар есімдері сақталды. VII ғасырдан деп басталуына келтіретін бір мысал осы кезеңде өмір сүрген түрік қағанаттарынан белгілі қағандары Тоныкөк пен Білге қағандардың құрметіне қойылған «Күлтегін» ескерткішінің «Үлкен жазуында» мынадай үзінділер бар: «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде Қаражер жаралғанда, екі арасында кісі оғлы жаралған екен. О кісі оғлының үстінен билік жүргізуге менің арқы бабаларым Бұмын қаған, Естеме қаған таққа отырған екен» делінген [2]. Бұл мәтінде Түрік қағанатының негізін қалаушылар өздерінің шығу тегін әлемнің жаралуынан бастайды, бұл тарихты тереңнен тану дәстүрінің ежелгі бастауын көрсетеді. Шетел зерттеушісі Б. Юзефович: «Қазақтар өзінен жоғары он төрт атасын біледі... тектілігін мақтан тұтады» деп жазады [3, 802 б]. Қытай ғалымы Су

Бихай да осы құбылысты растай келе: «әдетте, әрбір қазақ азаматы өзінен бастап жеті атасының атын жатқа айта алады. Тек ата анасынан жастай айырылған жетімдер ғана ата бабасының атын білмейді» деп сипаттайды [4, 177 б.]. Бұл деректер қазақ қоғамындағы шежіре дәстүрінің сырт ел ғалымдарының назарын аударған күрделі құрылым екенін дәлелдейді. Ал қазақтардың ауызекі шежіресінің жазбаша библиографиялық нысанға көшуі М.Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, Н.Наушабаев, Қ.Халид, М.Тынышбаев, Ә.Бөкейханов сияқты ғалымдардың ыждаһатты шығармашылық қызметі арқасында жүзеге асты. Бұл адамдардың ауызша деректі жазбаша түрде көрсетуге ұмтылысын ұзақ уақыт бойы атадан балаға беріліп келген қазақ шежіресінің ғылыми маңызы зор екендігімен түсіндіруге болатын сияқты. Мысалы, халықтың өткен тарихын баяндаған "Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі" деген шежіре кітабының кіріспесінде Ш.Құдайбердіұлы ел ішінен естіген-білгенінен басқа, көне замандағы түрік, араб, парсы, қытай жазбалары мен орысша кітаптарды оқығаны жайлы жазады. Шежіре 1911 ж. Орынбор қаласында басылып шықты. Бұл шежіре турасында Ә.Бөкейхан: "Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шәкәрімнің бұл кітабы қазақ шежіресінің тұңғышы; қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа" - дейді[5, 210 б.]. Сонымен қатар, шежіренің қазақ қоғамындағы орны оның мини-энциклопедиялық сипатымен де ерекшеленеді. «Шежіре - халық тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, қоғамдық орны мен меншік құрылымы жөніндегі толық ақпаратты сақтайтын әлеуметтік жүйе» [6, 93 б.] деп көрсетілген. Яғни, шежіре - тарих, география, этнология, мәдениеттану және мораль философиясы сияқты әртүрлі білім салаларын бір арнаға тоғыстырған ерекше мәдени феномен ретінде танылады.

Қазақ дүниетанымында жеті ата - тек туыстық өлшем емес, әлеуметтік тәртіпті ұстап тұратын нормалар жиынтығы. «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деген бағалау қазақ қоғамында адамның моральдық кемшілігі, рухани әлсіздігі ретінде қабылданған. Мұндай адам «өзі кім екенін білмейтін», «тамырсыз» тұлға ретінде бағаланған. Осыдан-ақ қазақ үшін текті білу - халықтық тәрбиенің іргетасы болғанын аңғарамыз. Ежелгі заманнан бастап қазақтардың жеті атасын білуі - бүкіл қоғамда қатаң сақталған мәдени міндет. Яғни, шежіре тек тарихи дерек емес, тәрбие құралы да болған. Қазақ отбасында балаға жеті атасын жаттату - оның тәрбиелік жолының алғашқы қадамы саналған. Текті білу арқылы бала өз әулетінің сипатын, ар-намысын, мінезін, адамгершілік принциптерін бойына сіңірген. Әр ата туралы әңгімелерде олардың жақсы қасиеттері үлгі ретінде ұсынылған. Бұл мәнде шежіре - моральдық кодекс қызметін атқарған. Осыған байланысты «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Бабаға қылғаның - балаға болар» деген мақалдар қолданылған.

Жеті ата дәстүрінің негізгі қызметтерінің бірі - некелік қатынастарды реттеу. Жеті атаға дейін қыз алыспау - халықтың генетикалық қауіпсіздігін сақтау мақсатында қалыптасқан биологиялық әрі әлеуметтік норма. Бұл тәртіпті сақтамау тек әдепсіздік емес, «қан тазалығын бұзу» деп қарастырылып, қауіпті құбылыс саналған. Шежіре деректерінде туыстық қатынастарды анықтау арқылы некелік тыйымдардың сақталуы қамтамасыз етілгені атап көрсетіледі. Адам жеті атасын білмесе, оның кіммен туыстық байланысы бар, кіммен некеге түсуіне тыйым салынғаны белгісіз болады. Сондықтан жеті атаны білмеу - әлеуметтік қауіптілікпен теңестірілген.

Сонымен қатар, шежіре - әлеуметтік мәртебені заңдастырудың да құралы болған. Ру басылары, билер, батырлар мен хандардың билігі көбіне шежіре деректерімен бекітіліп, олардың шыққан тегі халық алдында заңды мәртебеге ие болған. Мысалы, белгілі билердің бір әулеттен шығуы немесе белгілі батырлардың ұрпақтарының ел басқару ісіне араласуы - шежірелік негізде қалыптасқан мәдени құқық. «Жеті атасын білу» - биологиялық текті ғана емес, рухани текті де тану. Және де қазақ қоғамында «жеті атаң кім?», «сен кімнің баласысың?» деген сұрақтар кең таралған. Яғни, осы сұрақтар арқылы отбасы мен әулет туралы ақпараттар кең таралған. Мысалы, бір әулеттің белгілі биі, шешені, батырлары, өнер адамдары туралы ақпаратты білу арқылы адам өзі де сол құндылықтарды жалғастыруға тырысқан. Бұған қазақтың:

- «Жақсының аты өлмейді»
 - «Атадан мал қалғанша, тал қалсын»
 - «Ат тұяғын тай басар»
- деген мақалдары дәлел.

Қазақ халқының тектілік туралы көзқарасы тек жеті ата мен шежіремен шектелмейді. Ол бүкіл қоғамдық қатынастарды реттейтін моральдық жүйемен байланыста болған. Мысалы:

- «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады»
- «Тегін білмеген түбін білмейді»
- «Атаның баласы болма, адамның баласы бол»

Осы мақалдардан «жетесіздік» - рухани әлсіздік, тектік тамырынан ажырау деген мағынада қолданылады. Демек, «Жеті атасын білмеген - ұл жетесіз» мақалындағы «жетесіз» сөзі адамның биологиялық тегін ғана емес, оның рухани деңгейі, әлеуметтік жауапкершілігі, мәдени сауаты деген өлшемді білдіреді.

Тектілік феномені қазақ қоғамында әлеуметтік стратификациямен де байланысты болды. Мысалы, төрелер мен қожалардың тегі ерекше қадірленіп, олардың шежіресі жазба түрде сақталған. Ал қарапайым ру-тайпалардың шежіресі ауызша айтылды. Бұл дәстүрдің өзі қоғамдағы әлеуметтік иерархияны реттеудің мәдени механизмі болған. Осымен қатар, шежіре қазақ қоғамында әлеуметтік этиканың да негізі болған. Қай ру қайдан таралғанын білу - адамдар арасындағы сыйластықты, туыстық қатынастарды реттеу, дау-жанжалдың алдын алу, жер-су дауын шешу үшін қажет болған. Шежіре деректерінде: «Ағайынды екі адамның арасындағы дау кезінде алдымен олардың шежіресі сұралатын. Сол арқылы олардың бұрынғы ата-бабасының қарым-қатынасы анықталып, бітім сол негізде жасалған» деп көрсетіледі [6, 104 б]. Бұл дерек мақалдың практикалық мәнін айқындайды.

Сонымен қатар, шежіре тек генеалогиялық ақпарат жиынтығы емес, тарихи уақытты өлшеуші механизм рөлін атқарғаны жөнінде: «Генеалогиялық реті көшпелі тұрмыс кешкен халықтың мәдениетінде тарихи уақытты реттеуші принципке айналған» деген мәлімет келтіріледі [6, 11 б]. Яғни рулар мен тайпалардың таралу тәртібі олардың нақты тарихи кезеңдердегі әрекеттерімен тығыз байланыста болған. Сәйкесінше, шежірені білу арқылы уақытпен қоса кеңістікпен байланыс таба алатындығымызды білдіреді. Адам жеті атасымен бірге олардың өмір сүрген аумағын, ата қонысын, жер-су атауларын да білетін болған. Бұл ақпарат этнографтар көрсеткендей «шежіредегі кеңістік ұғым мен тарихи топономика өзара байланысты» [6, 210 б]. Халқымыздың белгілі қайраткерлерінің бірі, тарихшы М. Тынышбайұлы былай деп жазады: «Қазақтың әрбір ру генеалогиясын зерттемей, оның кіммен және қай уақытта тоқайласқанын анықтамай, қазақ халқының тарихи тағдырының жалпы көрінісін көзге елестету мүмкін емес», - деп көрсеткен болатын [7]. Сондықтан мақалдың екінші бөлігі - «жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» - кеңістіктік-тарихи сәйкестікті қорғау міндетін де білдіреді.

«Жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» деген мақалдың мазмұны жеті атадан бастау алатын тектілік феноменін кеңейтіп, оны бүкіл халықтың тарихи санасымен байланыстырады. Мұнда әңгіме нақты жеті ғасыр туралы емес, халықтың терең тарихи жады, елдік бірегейлік пен тұтастықты қамтамасыз ететін мәдени кеңістік туралы. Қазақ тарихы тек әскери жорықтардан, хандық дәуірден немесе отарлық кезеңнен тұрмайды; ол көшпелі өмірдің сан қатпарлы тәжірибесі, этномәдени кеңістіктің қалыптасу процесі, тайпалар мен рулардың саяси-әлеуметтік құрылымы, моральдық және дүниетанымдық жүйе сияқты элементтерден құралған. Осы тарихи деректердің барлығы - ұлттың рухани иммунитетін сақтайтын тіректер. Қазақ халқының тарихи санасы көбіне ауызша дәстүр арқылы қалыптасқаны белгілі. Көшпелі өмір салтында ауызша тарих айту мәдениеті - атадан балаға жалғасатын мәліметті сақтаудың ең сенімді тетігі болды. Бұл дәстүрдің негізінде шежіре жанры тұрғанын байқаймыз. Тарих тек оқиғалар тізбегі емес, қоғамның өзін-өзі тануы, ұрпақтың рухани бағдарын бекіту үшін қажет болған.

«Жеті атасын білмеген - ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» мақалдары қазақтың тектілік дүниетанымының өзегін құрайтын рухани формула болып табылады. Бұл мақалдардың мағынасы жеке тұлғаның өзін-өзі тануынан бастап, тұтас халықтың тарихи санасын қалыптастыруға дейінгі ауқымды мәдени кеңістікті қамтиды. Қазақтың ру-тайпалық құрылымы да тарихи процестермен тікелей байланысты болғандықтан, шежіре - бір жағынан генеалогия, екінші жағынан халықтың саяси-әлеуметтік тарихының картасы. Осы себепті этнологтар: «Шежіре - көшпелілердің тарихи жадының ең тұрақты формасы, оның бұзылуы этникалық тұтастықтың әлсіреуіне әкеледі» деген тұжырым жасайды. Міне, дәл осы жерде мақалдың терең мағынасы ашылады. Жеті ғасыр - уақыт өлшемінен гөрі, тарихи кеңістік пен қоғамның мәдени тереңдігін бейнелейтін символдық ұғым. Әрбір ғасыр - ұрпақ алмасуы, дүниетанымның өзгеруі, рухани құндылықтардың жаңаруы. Егер халық өз тарихын білмесе, ол «ел жетесіз» атанады, яғни мемлекет құрушы қабілетінен айырылады дегенді білдіреді.

Қазақ дүниетанымында текті білу - биологиялық шежіре емес, рухани сабақтастық пен жауапкершілік жүйесі. Бұл - ата-баба парызын өтеу, олардың жолын жалғау, қоғам алдындағы міндетті сезіну мәдениеті. Сондықтан осы мақалдар бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпай, ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі рухани тіректерінің бірі болып отыр. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы мен мәдени жүйесінде текті тану, ата-бабаны білу, тарихи жадыны сақтау - ұрпақты тәрбиелеудің, қоғамды реттеудің және рухани бірлікті сақтаудың негізгі тіректері болып келген. «Жеті атасын білмеген - ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» деген мақалдар - осы

дүниетанымның қысқа да нық айтылған философиялық қорытындысы. Адам жеті атасын білу арқылы өзінің қоғамдағы орнын, әулетінің тарихын, ата-бабасының мінездік және рухани қасиеттерін танып, сол құндылықтарды өз бойында сақтауға міндеттелген. Ал «жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» деген тұжырым ұлттық тарихтың маңызын ерекше дәрежеге көтереді. Қазақ халқы тарихын тек оқиға ретінде емес, ұлтты сақтап тұрған рухани кеңістік ретінде қабылдаған. Тарихын білмеу - тамырсыздыққа, ал тамырсыз халық - әлсіздікке ұшырайтынын және болашағы бұлыңғыр болатындығын ертеден-ақ терең түсінген. Сондықтан тарихи жадының үзілуі елдік бірлікке, рухани тұрақтылыққа, мәдени тұтастыққа тікелей қауіп төндіретін фактор ретінде бағаланған.

Жеті ата мен жеті ғасыр ұғымдарының бір-бірімен сабақтасуы - қазақ дүниетанымындағы ерекше философиялық жүйені көрсетеді. Жеке адамның текті білуі оның рухани тамырын айқындаса, халықтың тарихын білу - ұлттың болашаққа бағытталған рухани әлеуетін анықтайды. Бұл екі өлшем біріге отырып, қазақ қоғамының мәдени иммунитетін, рухани беріктігін, тарихи өзіндік болмысын қалыптастырған. Қазақ мақал-мәтелдері - қазақ халқының ғасырлар бойы жиналған тәжірибесін, тарихи сабақтастықты, ұлттық тәрбиені, рухани нормаларды бойына жинақтаған мәдени код. Олардың мағынасын терең зерттеу маңызды. «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деген бағалау адамның өз тегін неше атаға дейін жатқа білуімен ғана өлшенбейді; ол ең алдымен адамның рухани деңгейіне, тарихи жадына, мәдени жауапкершілігіне қатысты айтылған моральдық шешім. Яғни, адамның жеті атасының есімдерімен қатар олардың кім болғаны және қалай өмір сүргендері туралы білуі - құнды. Тіпті, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі мен жаһандық ықпалдардың күшеюі жағдайында ата-текті білу, тарихи сананы сақтау, ұлттық рухани кодты жоғалтпау - бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Осылайша, «Жеті атасын білмеген - ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» мақалы қазақ халқының дүниетанымын, рухани құндылықтарын, тәрбиелік қағидаларын және тарихи философиясын толық сипаттайтын әмбебап ұстаным ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің ғылыми, мәдени және әлеуметтік маңызын сақтап отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. - Санкт-Петербург: Императорской Академия Наук, 1896. - 527 с.
2. Ж. К. Укеев. Қазақ шежіресінің жазылу тарихы және деректік құндылығы. URL: <https://e-history.kz/kz/amp/history-of-kazakhstan/show/8606>
3. Юзефович Б. О быте киргизов Тургайской области // Русский вестник. - СПб, 1880. - Т. 146. С. 798-832.
4. Су Бэйхай. Қазақ ұлттық мәдениетінің тарихы. Үрімжі, 1989. - 555 б.
5. Бөкейханов Ә. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 384 б
6. Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі. - Астана: «BG-Print» ЖК, 2013. - 380 б.
7. Тынышбайұлы М. Орта жүздің шежіресі // Атамекен. 2002. 28 11.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Сагнаева А.А

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD - Молдахмет А. А.

Астана халықаралық университеті

Электронды адресі: sagnaevaaruzan08@gmail.com

Астана.қ

Аңдатпа

Бұл мақалада Ақмола облысының ономастикасын зерттеу мен аймақтың тарихи топонимдерін қалпына келтіру мәселелері қарастырылды. Өңірдегі жер атауларының өзгеруі мен олардың тарихи негіздерін анықтаудың мемлекеттік тіл саясатын іске асырудағы және ұлттық мәдениетті сақтаудағы мәні талданды. Ақмола облысы аумағында көптеген көне атаулар топографиялық карталар мен тарихи құжаттарда ғана сақталғаны көрсетіліп, оларды жинақтау және ресми түрде бекіту қажеттілігі негізделді. Топонимдерді картаға түсіру әдісі аймақтың ономастикалық кеңістігін қалпына келтіруге, атаулардың таралу заңдылықтарын анықтауға және тарихи атаулар жүйесінің даму кезеңдерін көрсетуде тиімді құрал екені атап өтілді. Қазіргі геоақпараттық технологиялар Ақмола облысының топонимиясын зерттеуді жаңа деңгейге көтеріп, жоғалған атауларды қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретіні де көрсетілді.